



Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Амандасу. Ширату жаттығуы: Тапсырма: көрсетілген суреттегі оқиғаны баяндаңыз; Алдында не болды, кейін не болды? Топқа бөлу. Жамандық, жақсылық қасиеттер жазылған стикерлерді таңдау арқылы 2 топқа бөлу	Бейне-аудио-суреттер 5-215-761691.png type unknown Стикерлер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (24 минут)	1-тапсырма. Топтық жұмыс. Электрондық ресурстан аудионұсқаны тыңдап, сұрақтар құрастырыңыз. 1-топ. Ертегі желісі бойынша Кім? Не? Кімге? Қалай? Қашан? Қандай? деген сұрау есімдіктерін пайдаланып сұрақ және жауап құрастырыңыздар. 2-топ. Неге? Неліктен? Не үшін? Не себепті? Не мақсатпен? деген сұрау есімдіктерін пайдаланып сұрақ және жауап құрастырыңыздар. Жұппен жұмыс 2-тапсырма. Оқулықты және қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін салыстырыңыз. <i>Ресурс және мәтін бойынша саралау:</i> Энциклопедия ұсыну(құстар, шөптер) <u>Дискриптор:</u> □ Кейіпкерлерді тиімді таңдай алады. □ Қосымша мәліметті пайдаланады Топпен жұмыс: 3- тапсырма. Кейіпкерлердің іс-әрекетін оқи отырып, тірек сөздерді пайдаланып өзіндік тұжырымдама жасаңыз Кейіпкердің іс-әрекеті Менің тұжырымымЖаманның ханның атын сынап беруі Хан уәзірлерінің Жаман мен хан арасын арандатуы Жаманның хан сайланғаннан кейін жыртық шапанын төрге іліп қоюы	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/ayaz-bi-ertegisi Саралау. Тірек сөздер: уәзірлердің іштарлығы, Жаманның даналығы, дандайсымау, ойшылдық. Дескриптор: □ Ойын тұжырымдай алады; □ Тірек сөздерді орынды пайдалана алады;
Сабақтың соңы (5 минут)	Bilim land сайтынан тест орындау.	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/ayaz-bi-ertegisi
Рефлексия (5 минут)	Ең маңызды Маңыздырақ Маңызды емес "Маңызды аймақ" әдісі арқылы рефлексия жасау	
Үй тапсырмасы (10)	Таңдаған кейіпкерге сауаттылық хат жазу	Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік, АКТ- мен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Тапсырмаларды құрастыру барысында оқушылардың қажеттіліктерін ескеріп, 2-тапсырмада ресурс және мәтін бойынша саралау ұсындым. Ол үшін қосымша материал - энциклопедия ұсынуды жоспарладым. Жұптық және топтық жұмыс түрлері арқылы оқушылар бір-біріне көмектесіп, қалыптасады.3-тапсырмада топтық жұмыста Тұжырымдама кестесін толтыру үшін қабілетті оқушыларға ертегі оқиғасын өзі таңдауды ұсындым. Барлық тапсырмалар мақсатқа жеткізеді.	Оқушылар бағалау критерийлері арқылы бағаланады. Сонымен қатар тапсырмада бағалау түрлері көрсетілген. 1-тапсырмада бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады, 2-тапсырмада дескриптор ұсынылады және жұптар бір-бірін «+,-,қызықты » әдісі арқылы бағалауды,3-тапсырманы топтар бір-бірін «Сэндвич» әдісі арқылы бағалауды жоспарладым.	Сабақта жазылым тапсырмалары арқылы сөйлемдерді стильдік жағынан дұрыс байланыстыру, орфографиялық нормаларды сақтап жазу арқылы қазақ тілі пәнімен, кейіпкер іс-әрекетін талдау кезінде өзін-өзі тану пәнімен пәнаралық байланыс жүргізілді. Денсаулық, қауіпсіздік ережелері сақталады. Оқытуды жақсарту үшін АКТ тиімді қолданылады. Сабақтың өн бойында құрмет, ынтымақтастық құндылықтары жайлы пікірлер қарастырылады.